

ЦИКЛОГРАММА

Наурыз

Өтпелі тақырып: «Жылғалардан су акты»
Мектепалды даярлық сыныбы
1-апта (1-5 наурыз, 2021 ж)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.03.2021	Сейсенбі 02.03.2021	Сәрсенбі 03.03.2021	Бейсенбі 04.03.2021	Жұма 05.03.2021
Күн тәртібінің қысқаша мазмұны	Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Орыс тілі Музыка	Дене шынықтыру Математика негіздері Сиқырлы әріптер в/к Сурет салу	Сауат ашу негіздері Өзін-өзі тану Жаратылыстану Музыка	Көркем әдебиет Мүсіндеу Сауат ашу негіздері Сиқырлы сандар в/к	Қоршаған ортамен таныстыру / Құрастыру Дене шынықтыру / Қауіпсіз мінез құлық негіздері Жапырыу Қызықты матем в/к
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Балаларды жылы шыраймен қарсы алу. Температурасын өлшеу. Тазалығын тексеру. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен балалардың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №8 кешен				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»	Қимылды ойын: «Кім кетті?»	Мазмұнды рөлді ойын: «Дәрігер» ойыны	Дидактикалық ойын: «Суреттің жалғасын тап»	Мазмұнды рөлді ойын: «Жүргізушілер ойыны»
ҰОҚ дайындық	Дене шынықтыру Тақырыбы: Батырлар Мақсаты: Қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуді, биіктікте жүруді үйрету. Қимылды ойын: «Тор арқылы допты лақтыр»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Желаяктар Мақсаты: Жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқырлар»	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: П дыбысы Мақсаты: П дыбысымен танысады. П дыбысынан басталатын сөздерді табады. Дыбыстық талдау жасай біледі. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сыни ойлау, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, «Бэкроним» әдісі Кері байланыс, рефлексия:	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көкек» ертегісі Мақсаты: ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көреді, іс-әрекеттерін сезінеді, өз ойларын жеткізе біледі. Әдіс-тәсілдер: суретпен жұмыс түсіндіру, бала үні, сұрақ-жауап, миға шабуыл әдісі, «ашық микрофон» әдісі	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Менің елімнің салт-дәстүрлері Мақсаты: қазақтың салт-дәстүрлерімен танысады. Өр салт-дәстүрдің ерекшеліктері жайлы түсінеді. Өз елінің салт-дәстүрін құрметтеуді үйренеді. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелесу, бала үні, ашық сұрақтар